

кәсіпорындарға жағдай жасағанда ғана бәсекеге қабілетті бола алатынын атап өткен жөн. Оның үстіне өңір тек кәсіпорындар үшін ғана емес, ең маңызды ресурстардың бірі болып табылатын халық үшін де тартымды болуы керек.

Өңірдегі кәсіпкерлік және инвестициялық ахуалға ықпал ететін жергілікті атқарушы органдардың негізгі міндеттерінің бірі көлік инфрақұрылымын дамыту және қолдау, осының негізінде жекелеген кәсіпорындар мен салаларды дамытудағы қолданыстағы шектеулерді алып тастау болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қожабекова З.Е. Аумақтық кеңістік жүйесінде көлік инфрақұрылымы дамуын ұйымдастырудың экономикалық - географиялық мәселелері: ҚазҰУ. Алматы, 2010. 134 б.

2. Ізтілеуова М.С. Көлік жүйелерінің логистикалық инфрақұрылымы : Оқулық. ҚР ЖОО қауымдастығы. Алматы: Дәуір, 2012. 440 б.

КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДАҒЫ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Омарова А.Б., қ.ғ.м.,аға оқытушы

Казахский автомобильно-дорожный институт имени Л.Б.Гончарова

Қазір біздің елімізде бизнестің дамудың бұрын – соңды болмаған қолайлы ахуалы туып отыр. Бұған аталмыш салаға айрықша көңіл бөліп отыруы сол арқылы республикадағы банктердің оны қаржыландыруды жақсы жолға қоюы тікелей мұрындық болуда.

«Қазіргі кездегі әлемдік экономиканың одан әрі даму жағдайында, ірі компаниялардың айбынының артуы ғылыми техникалық революцияның болуымен, шағын және орта фирмалардың сақталуымен және дамуымен қоса жүреді. Жаңа өнімдердің көптеген түрлерінің өндірісі атап айтқанда, шағын және орта компаниялардың кәсіпорындарында басталады, себебі олар «күн» астындағы орын үшін, тұтыныстың өзгеруіне икемді сезімтал болуға, өндіріспен әлі қанағаттандырылмаған жаңа қажеттіліктерді іздеуге мәжбүр. Сондықтан шағын фирмалардың бір жұмыс істеушіге есептегендегі, ғылыми-зерттеу мен конструкторлық жұмыстарға шығындарынан жиі асып түсуі кездейсоқ емес. Қазіргі уақытта шағын бизнестің рөлі нарыққа ендірілген жаңа өнімдердің ортақ санында айтарлықтай мол. Орталық бюджет арқылы шағын және орта бизнеске жұмыспен қамтуда да қаржыландырады. Яғни еңбек әлеуметтік шығындар бойынша жеңілдіктер беріледі [1].

Ол бәсекелі ортаның дамуына жол ашты, нарықты тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен молықтырды, халықтық кәсіпшілікті жаңғыртты, жергілікті билік органдарының экономикалық базасын нығайтты, ауылдардың, шағын және орта қалалардың дамуына септігін тигізді. Шағын кәсіпкерліктің артықшылығы — жұмсалған күрделі қаржының тез өтелуі, өндірушілердің

аймақтық нарыққа бағдарлануы, сұранымның өзгеруіне жедел икемделу, жұмыспен қамтылудың өсуі.

Қазақстан Республикасы жүргізіп отырған әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарының бірі — Шағын бизнесті дамыту. Халықаралық сыртқы ортаға қатысты бүкіл потенциалды қиындық қазіргі кезде өте белсенді талқылануының себебі, шағын және орта бизнестің тек қана ішкі нарыққа бағдарлануына байланысты бәсекелік қабілеттің төмендігінде.

Қазақстанда шағын және орта бизнеске бірнеше инвесторлармен құрылатын, географиялық шектелген зоналарда қызмет ететін және нарықтың шектеулі үлесіне ие, басқаруды құрушыларжүзеге асыратын, барлық негізгі стратегиялық шешімдерді өздері қабылдайтын кәсіпорындар жатады. Басқару сипаты икемділігімен, формалділіктің жоқтығымен шешімін қабылдау барысында, өндіріс және басқару саласында да жұмысшылардың өзара алмасуының жоғарылығымен ерекшеленеді.

Шағын және орта бизнес ел тұрақты тығыны, ондағы саяси және әлеуметтік экономикалық жағдайдың орнықтылығының тірегі ретінде атап көрсетуге болады. Қаржы механизмі арқылы мемлекет өзінің саяси, экономикалық және әлеуметтік сфералардағы көптеген қызметтерін атқаруға қажет ақшалай қаражаттар қорын жасап қолданады.

Қаржы жүйесінің көрсеткіштері жалпы ұлттық экономикадағы жағдайдың сенімді индикаторы болып табылады. Осында шаруашылық әрекеттердің барлық маңызды аспектері тікелей немесе жанама түрде бейнеленеді: өндірістің құрылымы, салааралық және территориялық пропорциялар, жеке салалардың іс- әрекеттерінің тиімділігі және т.б. бұдан қаржы қатынастарын өндірістік қатынастардың бір бөлігі деуге болады, яғни олар базистік әрі негізгі қатынастар болып табылады. Ұдайы өндіріс процесі үздіксіз жалғасып жататын өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну стадияларының өзара байланысты және өзара тәуелді үйлесуі түрінде жүзеге асып жатады. Сонымен бірге материалдық өндіріс қатысушыларының ғана емес, қоғамдық қатынастардың барлық қатысушыларының қажеттіліктері мен мүдделері қанағаттандырылуы тиіс. Өз кезегінде тауар қатынастарының болуына экономикалық агенттердің еңбек бөлінісінің қажеттігі қозғау салады, осыған орай олар мамандандырылған еңбектің, орындалатын қызметтердің нәтижелерімен, әр түрлі өндірілетін игіліктерімен олардың саны мен сапасына сәйкес айырбастауы тиіс [2].

Тауар өндірісінің негізіне тауар өндірушілердің экономикалық алдын ала келісіп алушылығын шарттастыратын қоғамдық еңбек бөлінісі қойылған. Олардың әрқайсысы өндірістің материалдық- заттық факторларының саралануы олардың әр түрлі деңгейі жағдайында өнім жасайды, ал сол себепті тіпті ұқсас тауарлар нақты және затталынған еңбектің әр түрлі шығындарымен өндіріледі. Қаржының қажеттігі объективті мән- жайдан – тауар- ақша қатынастарының болуынан және қоғамдық дамудан қажеттіліктерінен туындайды.

Қаржының басты арналымы – табыстар мен ақшалай қорларды жасау арқылы мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы ресурстарына деген қажеттіліктерін қанағаттандырып отыру және бұл ресурстардың жұмсалыуына бақылау жасау. Қаржы ресурстары болмаса, қаржы механизмі арқылы барлық жағдайға ықпал етудің кең мүмкіндіктерін пайдалана алмаса, мемлекет өзінің ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асыра алмайды, өзінің әлеуметтік- экономикалық бағдарламаларын, қорғаныс және елдің қауіпсіздігі функцияларын қаматамасыз ете алмайды.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Қазмағамбет А. «Кәсіпкерлікті дамытудың өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары». *Экономика негіздері: мектепте, колледжде және ЖОО-да оқыту*. 2012. №2-3 (51). 37-40 б.

2. Файзолла Б., Тұран университетінің магистранты. Алматы қаласы. «Шағын және орта бизнестің даму ерекшеліктері». *Экономика негіздері: мектепте, колледжде және ЖОО-да оқыту*. 2012. №3 (69). 15-18 б.

AZƏRBAYCANDA SAHIBKARLIQ FƏALIIYYƏTININ İQTISADI ARTIMA TƏSİR MEXANIZMLƏRI

*Abbasova-Zeynalova Nuranə Nazim qızı
Mingəçevir Dövlət Universiteti*

Bu gün ölkədə sahibkarlara dövlət qayğısı nəticəsində makroiqtisadi tarazlığa nail olunmuşdur. İqtisadiyyatın hərəkətverici qüvvəsi sayılan sahibkarlar qrupunun formalaşması üçün isə normativ-hüquqi bazanın əsası qoyulmuş, dövlətin özəl sahələrə dəstək göstərilməsi üçün tədbirlər planlarının icrasına başlanılmışdır.

“Sahibkarlığın inkişafı, bazar iqtisadiyyatının formalaşması, müstəqil iqtisadiyyata imkanlar yaradılması bizim strateji yolumuzdur”, fikrilə ümummilli lider Heydər Əliyev ölkədə özəl sahələrin rolunun gələcək iqtisadi inkişaf payı ilə sıx əlaqəli olduğunu vurğulayırdı.

Məşğulluq qabiliyyətinin artırılmasında sahibkarlığın inkişafının mühüm əhəmiyyətini və ölkə iqtisadiyyatında sahibkarların rolunun artmasını nəzərə alaraq Prezidenti İlham Əliyevin imzaladığı 2016-cı ilki sərəncamına əsasən 25 aprel Azərbaycanda “Sahibkarlar günü” kimi təsis edilmişdir.

Prezident İlham Əliyevin 31 iyul 2018-ci il tarixli Fərmanına əsasən Sahibkarlığın İnkişafı Fondu İqtisadiyyat Nazirliyinin tabeliyinə verilərək, Sahibkarlığa Kömək Milli Fondu ləğv edilmişdir.

Sahibkarlığın İnkişafı Fondunun əsas vəzifələrinə aşağıdakılar aiddir:

- investisiya layihələrinin və proqramların işlənilib hazırlanması ilə bağlı sahibkarlıq fəaliyyəti subyektlərinə köməklik etmək;
- güzəştli kreditləşmə əməliyyatlarına dəstək məqsədilə investisiya layihələrinin tərtibində minimum tələbləri müəyyən etmək;
- investisiya layihələrini normativ-hüquqi bazaya uyğun olaraq maliyyələşdirmək;